

# Тақырыбы: Құқық нормаларын қолдану

---



# 1. Әлеуметтік нормалардың мемлекет үшін маңызы

## 1.1 Әлеуметтік норма ұғымы

Әлеуметтік нормалар дегеніміз - қоғамдық маңызы бар қоғамдық қатынасты реттейтін, қабылданған және бекітілген нормалардың жиынтығы.

# Әлеуметтік нормалардың өзіне тән ерекшеліктері бар:

1. Әлеуметтік нормалар қоғамдық сана деңгейімен қабылданады.

2. Тарихи дамудың сатысымен бағаланады немесе айқындалады.

3. Қоғамдық қатынастарлық барлық салаларын реттейтін норма қалыптасады.

# 1.2 Әлеуметтік норма түрлері

Құқықтық  
нормалар

Әдет-  
ғұрып  
нормалар

Діни  
нормалар

Корпоративт  
ік нормалар

Құлықтылық  
нормалар

Техникалық  
нормалар

## \* 2.Әлеуметтік норманың бірі – құқық нормасы

### 2.1 Құқықтық норманың жалпы түсінігі

\* Құқықтық норма – қоғамдық қатынастарды реттеуге қолданылатын әлеуметтік ережелердің бір түрі. Ол бүкіл халықтың мүддесін қорғаудың, мемлекеттің билігін, саясатын іс жүзінде асырудың құралы. Құқықтық норма қоғам мүшелерінің мінез – құлқын, іс әрекетін арнайы ережелермен реттейді.

# ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

- құқықтың нормалар қоғамды реттеп басқарудың құралы, сол арқылы адамдардың, заңды тұлғалардың қарым – қатынастарына дұрыс бағыт беріп отырады;
- құқықтың нормалар қоғамдық құрылыс жүйені қорғаудағы ең сапалы құрал, нормативтік актілер қоғамға зиянды іс - әрекеттерге жауапкершілікті күшейтіп отырады;
- құқықтың нормалар қоғамның дамуына пайдалы қатынастарды қолдап, қолайсыздарын қысқартып, эканомиканың әлеуметтік жағдайдың жақсаруына мүмкіншілік жасап отырады;
- құқықтық нормалар қоғамда әділеттікті, теңдікті, бостандықты және тағы басқа демократиялық қағидаларды қалыптастырады;
- құқық нормалар халықаралық, мемлекетаралық байланысты, қатынасты жақсартудың құралы

# Құқықтық норманың құрылымы, жүйелері және түрлері

- \* Құқықтық нормалардың өздеріне тән арнайы құрылымы болады. Құқықтық нормалардың құрылымы танудың теорияға және тәжірбиеге мәні өте зор. Оны меңгеру, білу арқылы заңгерлер құқықты қолдану процесі қызметінде кеңінен пайдаланады.
- \* Құқықтық норманың құрылымы дегеніміз— қисынды мағынамен оның ішкі мазмұнының элементтерін айқындап көрсету.

Құқықтық нормалардың құрылымы  
мынандай элементтерден тұрады:

Гипотеза

Диспозиция (мінез-құлық)

Санкция (жаза)



Гипотеза – өмірде болатын нақтылы жағдайларда құқықтық норманың қолданылуы.

Гипотеза құрамдық мағынасына байланысты мынандай түрлерге бөлінеді:

- 1) Жай гипотеза бір ғана жағдай болғанда құқықтық норманың диспозиция іс жүзіне асырылады немесе қолданылады.
- 2) Күрделі гипотеза екі немесе бірнеше жағдайлар арқылы диспозиция қолданылады

Дәрежелі кесімдік сипаты бойынша болжамдар абсолюттік-кесімді және салыстырмалы кесімді болып бөлінеді.

Абсолюттік-кесімді гипотеза өзінің мәтінінде құқықтық норманы қолданудың және іс жүзіне асырылуының нақтылы жағдайлары мен шарттарын көрсетеді.

Салыстырмалы – кесімді гипотеза құқық нормаларын іс жүзіне асыратын субъектілерге арнайы шеңбер көлемінде шарттардың бірнеше мүмкіндіктерін беруді бекітеді.

Диспозиция деп - құқық нормасы бекіткен субъектілердің мінез-құлық ережелерін айтады.

Диспозиция құқықтық әдебиетте негізінде екі түрге бөлінеді:

Баяндау тәсілі  
бойынша

Құрылымы  
бойынша

# Баяндау тәсілі бойынша

## диспозициялар:

Жай диспозицияда бір жағдай болғанда құқықтық норманың жай диспозициясы бір ғана, нақтылы зардаптардың болуын бекітеді.

Суреттемелік диспозиция – субъектілердің мінез-құлықтарының негізгі нышандарын ерекшелеу сипатымен айқынды бастапқылықпен баяндайды.

Сілтеме диспозиция – нормативтік кесімнің басқа баптарына немесе нақтылы норманың баяндалған тармақтарына сілтеу жасайды.

Бланкеттік диспозиция – құқық нормасы өзінің диспозициясында субъектілердің мінез-құлықтарын жалпылама бекітіп, басқа нормативтік-құқықтық кесімдерге сілтеме жасайды.